


ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Территориялық тұтастық пен
өзін-өзі билеу





Территориялық тұтастық пен өзін-өзі билеу

Территория мәселесінде белгілі бір маңызы бар бірнеше тұжырымдама бар. Олар өзін-өзі билеуден бастап тарихи-географиялық талаптарға дейінгі мәселелерді түгел қамтиды. Кейбір концепциялардың моралдық, саяси болады. Бір жағынан, олар халықаралық саяси тәртіпте төтенше сенімді болуы мүмкін, екінші жағынан олардың құқықтық тұрғыдан тиімді болуы міндетті емес.

Халықаралық жүйенің міндетті қағидаттарының бірі – шегараның тұрақтылығы мен шегаралық мәселелердің соңғы әрі нақты шешімін қамтамасыз ету. Бұл қағидатты құқықтық прецедент баяғыдан бері қолдап отыр. Бұл тұжырым территориялық тұтастық қағидатынан көрініс тапқан.

Мемлекеттің территориялық тұтастығының қағидаты – қазіргі кезде халықаралық құқықтың орнықты қалыптасқан негізгі қағидаттарының бірі. Бұл қағидат мемлекеттің ішкі юрисдикциясындағы істеріне араласпау туралы бірнеше нормалармен қорғалған. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысында мемлекеттің территориялық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігіне қарулы күш қолдану немесе қарулы күш қолдану қауіп арқылы қатер төндіруге тыйым салынған. Бұл қағидат дамушы елдердің айрықша қолдануына ие. Жақында Халықаралық сот мәлімдегендей, «территория жөніндегі дау шешіліп, түсініспестік жойылғаннан кейін әр тарап басқа мемлекеттің территориялық тұтастығын құрметтеу жөніндегі міндеттерін адал орындауы тиіс».

Дегенмен бұл қағидат, шегараның белгісіз бөліктерін демекаркациялау туралы дау туындаған кезде қолданылмайды. Сондай-ақ бұл қағидат белгілі бір деңгейде, халықаралық құқықтың басқа қағидатымен – яғни әр халықтың өзін-өзі билеуі қағидатына қайшы келетін кезі болады.

Бұл қағидат Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында 1960 жылғы Отарланған елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы декларацияда, 1966 жылғы Халықаралық адам құқығы пактіде, 1970 жылғы Халықаралық құқық қағидаттары декларациясында халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарының бірі ретінде көрсетілген. БҰҰ резолюциялары мен декларациялары және мемлекеттердің нақты практикасынан бөлек, бұл принцип деколонизация (отарсыздану) процесінде жиі қолданылды. Өзін-өзі билеу қағидаты, негізінен, тәуелді территорияның байырғы тұрғындарына қатысты көбірек тиісті. Практикада мұны белгілі бір халық тобының тәуелсіз мемлекеттің территориялық құрамынан шығуы үшін пайдалану қолдау таппады.

Канаданың Жоғарғы соты The Reference Re Secession of Quebec ісінде «халықаралық құқықтағы өзін-өзі билеу қағидатын халықтар егемен мемлекет шеңберінде жүзеге асыра алады, бірақ мемлекеттің территориялық тұтастығы сақталуы тиіс» деп мәлімдеді. Адамдардың белгілі бір тобы тәуелсіз мемлекеттің территориясынан тек белгілі бір айрықша жағдайларда ғана бөліне алады.

Малколм Шоудың пікірінше, бұл мәлімдеменің бір ғана жері даулы – бұл қағидат (яғни, өзін-өзі билеу қағидаты) отар елдерге (жаулап алынған елдерге) қатысты тек сол елдегі «нақты себеп болмаса да, төтенше және үздіксіз қудалауға» ұшырап отырған топқа қатысты ғана қолданылуы мүмкін.

Малколм Шоудың пайымдауынша, цессияның немесе бөліну талап етілгенде, тиісті территорияға толық билік жүргізгенде және халықаралық қауымдастық танығанда мүмкін болады.

Халықаралық сот Косово ісі жөніндегі кеңестік пікірінде «БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Родезия, Солтүстік Кипр Түрік Республикасы, Серб Республикасы елдерінің біржақты тәуелсіздігін сынаған қарарын жүзеге асыруға олардың өз тәуелсіздіктерін біржақты жариялағаны емес. Керісінше, сол мемлекеттердің тәуелсіздігін мойындаса, халықаралық құқықта қарулы күш қолдануға немесе басқа да нормаларды бұзуға жол бергені себеп болар еді» деп мәлімдеді.

«Сәйкесінше, – деп түйіндейді М. Шоу – тәуелсіздікті біржақты жариялауға тыйым салу Қауіпсіздік кеңесінің практикасынан тыс қалмайды. Осылайша, халықаралық құқық тәуелсіз мемлекеттегі халықтың белгілі бір тобына цессия жасауына тосқауыл болмайды. Бұл мемлекеттің ішкі құқығына байланысты мәселе.



Территориялық тұтастық қағидаты мен өзін-өзі билеу қағидатының кереғар келуінің тағы бір мысалы – Қырымның статусы туралы жағдай.

2014 жылғы наурызда Қырымның Украина территориясынан бөлініп шығатыны жария болды. Малколм Шоудың пікірінше, бұл, ең алдымен, бүкіл украиналық референдумсыз ешбір аймақ бөлініп шығуға рұқсат берілмейді деген Украинаның ішкі заңнамасындағы норманы бұзу болып саналады. Ол туралы Украина конституциясының 73-бабында жазылған. М. Шоудың пікірінше, Ресейдің Қырымға билік орнату үшін қарулы күш қолдану мен қарулы күш қолдану қатерін төндіруін басқа елдің ішкі істеріне араласуы ретінде, тіпті, агрессия ретінде қарауға болатын еді. Бұл оқиғаның контекстінде ядролық державалар қатысушы болып табылатын шарттың бұзылуы жатыр. Оның ішінде Украинаның территориялық тұтастығы мен егемендігін қол сұқпауға кепілдік берген Ресей де бар.

Сондықтан Малколм Шоудың пікірінше, Ресейдің 2014 жылғы 18 наурыздағы Қырымды аннексиялау туралы шешімі Украинаның егемендігі мен территориялық тұтастығын бұзғаны үшін халықаралық құқыққа қайшы келеді деп есептейді.

Қазақстандық студенттер бұл жағдайға Қазақстанның ресми ұстанымы қандай болғанын білу маңызды. Еліміз, жалпылай алғанда, бір елдің ішкі ісіне араласпау саясатын ұстанады. Ал ағылшын және ресейлік құқықтанушылардың құқықтық көзқарастары, өздеріңіз аңғарып отырғандай, мүлдем қарама-қайшы.

Uti Possidetis доктринасы

Территориялық тұтастық қағидатының жүзеге асуын Латын Америкасында пайда болған Uti Possidetis идеясынан байқауға болады. Бұл идеяға сәйкес, Испан империясының Оңтүстік Америкадағы әкімшілік бөліністері сол жерде жаңадан пайда болған тәуелсіз мемлекеттердің шегарасы болып саналған. Мұндай ұстаным мемлекеттер арасындағы проблеманы бейбіт түрде шешіп, әскери қақтығыстар мен шет мемлекеттердің араласуына тосқауыл қойды.

Ұқсас жағдай Африка мемлекеттерінің практикасында болды, ол Африка бірлігі ұйымының 1964 жылғы қарарында көрініс тапты. Ол қарарда мемлекеттің тәуелсіздік алған сәтіндегі колониялардың шегара сызығы сақталады және оны басқа мемлекеттер құрметтеуге міндетті деп көрсетілген.

Халықаралық шегара өзендері

Халықаралық құқықта шегара өзендеріне қатысты арнайы нормалар қабылданған. Жалпылай алғанда, кеме жүзетін арнасы бар өзенде шегара арнасының қақ ортасынан өтеді. Ал кеме жүретін арнасы жоқ өзенде егер тараптар өздері солай келіссе, шегара сызығы өзеннің ортасымен немесе өзеннің басты арнасымен өтеді. Біртіндеп аккреция немесе өзен жағасының деградациясы салдарынан өзеннің арнасы ауысқанына қарамастан, бұл шегараның орта сызығы сол күйі қала береді. Ал өзеннің ағысы кенеттен өзгеріп, жаңа арна пайда болса, халықаралық шегара бұрынғы кеуіп қалған арна бойынша жүретін кез жиі болады. Тараптар келіссе, шегара өзеннің бір жағасымен өтетін кез де болады.

«Адамзаттың ортақ мұрасы»

Белгілі бір аумақты адамзаттың ортақ мұрасы ретінде жариялау сол аумақта жаңа территориялық режим орнатыла ма, әлде болды ма деген сұрақ тудырды. 1970 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Мұхит пен теңіз түбін пайдалану қағидаттары декларациясында мұхит пен теңіздің түбі мен ондағы қорлар адамзаттың ортақ мұрасы екені айтылған.



Бұл туралы 1982 жылғы Теңіз құқығы конвенциясында да қайталанды. Бұл конвенцияда мұхит пен теңіз түбіне ешқандай егемен билік пен басқа құқық танылмайды, оларды пайдалану, зерттеу конвенция нормаларының тәртібімен ғана жүзеге асырылады делінген. 1979 жылғы Ай туралы халықаралық шартта «ай мен оның табиғи қорлары – адамзаттың ортақ мұрасы, сондықтан ол бір мемлекеттің меншігі бола алмайды және айрықша пайдалану режиміне тиесілі» деп көрсетілді, яғни ортақ мұра тұжырымымен байланысты кейбір ортақ сипаттар бар. Аталған территориялар *res communis* сияқты, қандай да бір мемлекеттің меншігіне жатпайды. Бұл жерлерге егемен билік жүрмейді, аталған жерлерді ешкім «меншіктей» алмайды, сондай-ақ, оларға адамзаттың ортақ мұрасы институттары жасаған келісімдерден тыс ешбір юрисдикция жүрмейді. Дегенмен *res communis* режимі тиісті территорияны игеруге, барлауға, қазба жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді. Ал жоғарыда айтылған конвенциялар барлау, қазба жұмыстарын жүргізу жұмыстарын қатаң бақылап, оларды басқару механизмдерін жасап шығарады. Бұл осындай іс-әрекеттің игілігін теңдей көру үшін жасалады.

Полюс аймақтары

Арктика аймағы – стратегиялық маңызды территория. Аймақтағы Гренландия және соған көршілес аралдар Данияның иелігінде, Шпицберген және сол маңдағы басқа да аралдарға Норвегия егемен билігін жүргізіп отыр. Норвегияның мұндағы құқықтық титулы бұл аралдарды оккупациялауы мен ұзақ уақыт бойы сондағы минералды қорларды пайдаланып келуінен туындайды. Оның егемен билігін 1920 жылы көптеген елдер таныды. Қарсы болған елдер де болды.

Канада мен бұрынғы КСРО-ның осы аралдарға қатысты талаптары қайшылыққа толы. Олардың талап арыздары меридиан сызығына негізделеді: яғни меридиан сызықтар Солтүстік полюсте түйісіп, нақты елдердің жағалау сызықтарына жақын орналасуы себепті арктикалық мемлекеттермен өздерінің бастапқы линиялары ретінде үшбұрышты сектор жасайды. Норвегия, Финляндия, Дания және АҚШ секілді мемлекеттер әзірге Арктикаға қатысты мәлімдемеде жасай қоймайды.

Бірақ Антарктикаға өз мүдделері бар екенін жасырмайтын мемлекеттер бар. Олар: Аргентина, Австралия, Чили, Франция, Жаңа Зеландия, Норвегия, Ұлыбритания. Олар талаптарын әртүрлі қағидатқа негіздейді. Біреулері аралды алғашқы ашушыларға арқа сүйейді, кейбіреуі секторлық қағидатты алға тартады, кейбіреуі территориялық жағынан жақын ел екенін, ал тағы бір парасы бұл территорияда бұрын соңды зерттеу жүргізіп, қолданып келгенін алға тартады. Айрықша атап өтерлік жайт, АҚШ Антарктикаға қай мемлекеттің болса да талап арызын мойындаудан бас тартты.

Нәтижесінде 1959 жылы бұл территорияға меншік құқығы туралы және ғылыми экспедиция жасау туралы талап қойып отырған мемлекеттер Антарктика туралы шарт қабылдады. Бұл шарттың Антарктиканы демилитаризациялаудан бөлек, тағы мақсаты – шарт күшінде болған мерзім аралығында аталмыш территорияға қатысты талапты жою немесе тым болмаса тоқтата тұру.

Шарттың IV(2)-бабында:

«Осы шарт күшінде тұрған кезде Антарктикаға территориялық егеменді билігін бекітетін, қолдайтын немесе теріске шығаратын ешбір іс-әрекетке негіз болып табылмайды» жазылған. Осы шарт күшінде тұрғандықтан, бірде бір мемлекет Антарктикаға жаңа талаптар қоюға немесе бұрынғы талаптарын одан әрі толықтыра алмайды.

Шартта оның тоқтауы қарастырылмаған. Тіпті оған мүдделес тараптардың қосылуына байланысты барлық мемлекеттерге міндетті арнаулы халықаралық режим орнатылды.

Жалдау және сервитут

Халықаралық құқықта бір мемлекет басқа мемлекеттің территориясына қолданатын заңдық құқықтардың бірнеше жолы бар. Мұндай құқық жерге қатысты. Сондықтан белгілі бір территорияға иелік құқығы басқа егемен мемлекетке өтсе де, бұл құқық жалғаса береді.



Бұл құқықтық терминологияда *in rem* құқығы деп аталады. Ондай құқық әдетте халықаралық шарттың негізінде пайда болады және атауы шартта көрсетілген нақты атауға байланысты. Мысалы, шартта қандай нақты құқықтары бар екені атап көрсетіледі.

Жерді жалға алу XIX ғасырда белгілі бір стратегиялық маңызы зор ауданды аннексиялаусыз-ақ, бақылауға алу амалы ретінде белгілі бола бастады. Мысалы, жалға алу құқығы Қиыр Шығыста кеңінен тарады. Британияның жаңа территорияларға құқығы Гонконгпен байланысты болды және жалға алған мерзімінде Гонконгқа егемен билігін жүргізу құқығына ие болды. Жалға алу мерзімі аяқталған соң, егемен билік құқығы жалға берген мемлекетке қайтарылды. Басқа сөзбен айтқанда, шынайы егемендік жалға берушіге тиесілі болып қала береді.

Ал сервитутке келсек, бұл жерде бір мемлекеттің өз территориясы екінші мемлекеттің мүддесі үшін шектеледі. Мұндай шектеу *in rem* құқығы арқылы жермен байланысты. Осылайша егеменді мемлекеттің территориясының билігі ауысқан кезде, мемлекеттің егемендігі шектеулі болып қала береді. Ол мемлекеттер біріккен кезде немесе отарсыздану кезінде болуы мүмкін. Сервитуттың мысалы ретінде порттар мен өзендерді пайдалану немесе басқа мемлекеттің территориясы арқылы өту құқығын айтуға болады.

Ғарыш құқығы

Ауа қабатын ғарыштан бөліп тұратын нүктеден бастап мемлекеттер халықаралық құқықтың *res communis* принциптерін қолдануға келісті. *Res communis* қағидатын адамзаттың ортақ мұрасы қағидаты болып табылады. Осыған орай, ғарыштың ешбір бөлігін мемлекет меншіктей алмайды. 1950 жылдар соңындағы спутниктік дәуірдің тууынан кейін бұл БҰҰ Бас Ассамблеясының бірқатар резолюцияларында анықталды. Мысалы, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1962 жылғы қарарында және Ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттердің қызметін реттейтін құқықтық қағидалардың декларациясында бірқатар құқықтық қағидаттар бекітілді. Мысалы, онда ғарыш кеңістігі мен аспан денелерін зерттеуге ерік берілетіні және оны халықаралық құқыққа сай барлық мемлекеттер тең жағдайда пайдалана алатыны, ғарыш кеңістігі мен аспан денелерін мемлекеттер ешқандай жолмен меншіктей алмайды деп жазылған. Сонымен қатар, аталмыш декларация ғарыш кеңістігін зерттеу және игеру бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамушы елдер мен ғарыш бағдарламасын енді жасап жатқан елдердің мүдделерін ескере отырып, дамытуға шақырады. Мұндай резолюциялар мемлекет практикасын білдіреді және дәстүрлі құқықтың бір бөлігі болып табылады.

Жалпы алғанда, Ғарыш кеңістігінің құқықтық режимі 1967 жылы Мемлекеттердің ғарыш кеңістігін, оның ішінде Ай мен басқа да аспан денелерін игеру мен пайдалану қағидаттары туралы шартқа қол қойған кезден бастап ресми түрде реттелді. Бұл шартта ғарыш кеңістігі, оның ішінде Ай мен басқа да аспан денелері қандай да бір мемлекеттің меншігі болмайтыны және ғарыш кеңістігін игеру мен пайдалану мемлекеттердің бәрінің мүддесі үшін жасалуға тиістігі айтылған.

Сұрақтар

1. Өзін-өзі билеу мен мемлекеттің территориялық тұтастығы қағидаттарының арақатынасы туралы пікіріңіз қандай?
2. Ресейдің Қырымды аннексиялау шешіміне қатысты автор М. Шоудың пікірімен келісесіз бе? Не себепті?
3. Адамзаттың ортақ мұрасы болып есептелетін территориялардың ерекшелігі неде?

Әдебиеттер

1. M. Kohen, *Territoriality and International Law*, Cheltenham, 2016.
2. V. Prescott, G. Triggs, *International Frontiers and Boundaries*, Leiden, 2008.
3. F. Lyall, P. B. Larsen, *Space Law*, Aldershot, 2009.